

"Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік органдарын тұрмыстық техникамен, құрал-жабдықтармен және мүккеммал мүліктермен жабдықтаудың нормаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Төрағасының 2015 жылғы 23 маусымдағы № 52 бүйрығына толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Төрағасының 2017 жылғы 23 қарашадағы № 109/ке бүйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2018 жылғы 5 қаңтарда № 16178 болып тіркелді

2008 жылғы 4 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Бюджеттік кодексінің 69-бабының 2-тармағына сәйкес **БҮЙЫРАМЫН**:

1. "Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздік органдарын тұрмыстық техникамен, құрал-жабдықтармен және мүккеммал мүліктермен жабдықтаудың нормаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Төрағасының 2015 жылғы 23 маусымдағы № 52 бүйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11813 болып тіркелген, 2015 жылғы 14 тамызда "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған) мынадай толықтырулар енгізілсін:

осы бүйрықпен бекітілген Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік органдарын тұрмыстық техникамен, құрал-жабдықтармен және мүккеммал мүліктермен жабдықтаудың нормаларында:

"Материалдық-техникалық және шаруашылық қамтамасыз ету бөлімшесі" деген 6-бөлім мынадай мазмұндағы реттік нөмірлері 52, 53, жолдармен толықтырылсын:

"

52	Темір тырма	бөлімшеге	дана	10	5	
53	Темір айыр	бөлімшеге	дана	10	5	

";

"Гимараттар және құрылыштар" деген 19-бөлім мынадай мазмұндағы реттік нөмірлері 30, 31, 32, 33, 34, 35, 36, 37, 38, 39, 40, 41, 42, 43, 44, 45, 46, 47, жолдармен толықтырылсын:

"

30	Жылтыу су ысыту қазандығы (катты-отынды, сұйық-отынды, газды-мазутты және электрлі)	орталық жылтыу жүйесіне қосылмаған шекара заставасы әскери қалашығының ғимараттары мен құрылыштарының әрбір кешеніне (шекаралық бақылау бекетіне, бөлімшелеріне)	дана	2	10	
		орталық жылтыу жүйесіне қосылмаған шекара комендатурасы әскери қалашығының ғимараттары мен құрылыштарының әрбір кешеніне (шекаралық бақылау бөліміне)	дана	3	10	

		орталық жылыту жүйесіне қосылмаған әскери бөлімнің әскери қалашығының ғимараттараты мен құрылыштарының әрбір кешеніне	дана	6	10
31	Мазутты жылыту үшін буқұруши қазандық	мазут сақтау орнының әрбір кешеніне	дана	3	10
32	Су тазалау (кондырғы) кешені	орталық сумен қамтамасыз ету жүйесіне қосылмаған ғимараттараты мен құрылыштарының әрбір кешеніне	топтама	1	10 С у сынамаларын зертханалық зерттеу нәтижелері бойынша
33	Тұшытқыш қондырғы	орталық сумен қамтамасыз ету жүйесіне қосылмаған және белгіленген нормадан жоғары тұздың концентрациялық деңгейі бар ғимараттараты мен құрылыштарының әрбір кешеніне	топтама	1	10 С у сынамаларын зертханалық зерттеу нәтижелері бойынша
34	Ағынды суды тазалау кешені	орталық су бұру жүйесіне қосылмаған ғимараттараты мен құрылыштарының әрбір кешеніне	топтама	1	10
35	Трансформаторлық қосалқы станция	өндірістік электр энергиясымен қамтамасыз ету жүйесіне қосылған ғимараттараты мен құрылыштарының әрбір кешеніне	топтама	1	10
36	Электр қуатын есептеу құралы	орталық электрмен жабдықтау жүйесіне қосылған ғимараттараты мен құрылыштарының әрбір кешеніне	топтама	1	7
37	Ыстық суды есептеу құралы	орталық ыстық сумен жабдықтау жүйесіне қосылған ғимараттараты мен құрылыштарының әрбір кешеніне	топтама	1	5
38	Суық су есептеу құралы	орталық салқын сумен жабдықтау жүйесіне қосылған ғимараттараты мен құрылыштарының әрбір кешеніне	топтама	1	8
39	Газды есептеу құралы	орталық газбен жабдықтау жүйесіне қосылған ғимараттараты мен құрылыштарының әрбір кешеніне	топтама	1	15
40	Жылу есептеу құралы	орталық жылумен жабдықтау жүйесіне қосылған ғимараттараты мен құрылыштарының әрбір кешеніне	топтама	1	5
41	Сұйық отын үшін қайта құю (кондырғы) кешені (мазутты насос станциясы)	сұйық отынды әрбір қазанға	топтама	1	10
42	Қаспаққа карсы ультродыбыстық (химиялық) кондырғы	(әрбір қазанға	дана	1	8
43	Тұтін тартқыш	әрбір қазанға	дана	1	7
44	Хлормен ауыз суды зарарсыздандыруға арналған қондырғы	әрбір насостық станцияға	топтама	1	7

45	Ультрофиолетті сәулемен аудыс сүді заарсыздандыру арналған қондырығы	әрбір нақостық станцияға	топтама	3	8	
46	Бетонды араластырғыш	әскери бөлімге	дана	1	10	
47	Поливинилхлорид құбырының әртүрлі саптамасына арналған электрлі дәнекерлеуіш	әскери бөлімге (комендатурага)	дана	1	7	

";

1. Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекара қызметі белгіленген заңнамалық тәртіпте:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрық мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін қағаз және электрондық түрде қазақ және орыс тілдерінде Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне ресми жариялау және қосу үшін "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберуді;

3) осы бұйрық ресми жарияланғаннан кейін оны Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

2. Осы бұйрықтың 2 тармағының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Төрағасының орынбасары - Шекара қызметінің директоры Д. А. Ділмановқа жүктелсін.

3. Осы бұйрықпен Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің лауазымды тұлғалары оларға қатысты бөлігімен таныстырылсын.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы
Ұлттық қауіпсіздік комитетінің
Төрағасы

K. Мәсімов

КЕЛІСІЛДІ

Қазақстан Республикасының

Қаржы министрі

Б. Сұлтанов

2017 жылғы 22 желтоқсан